



БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция

«ЖАҒАНДЫҚ ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК: ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ»

Күні: 27-28 қараша, 2025 жыл
Уақыты: 09:00

Өтетін орны:
Астана қ-сы, Қорғалжын тасжолы, 13/5

«QazBioPharm» Ұлттық холдингі» Акционерлік қоғамы 2025 жылғы 27-28 қараша күндері Астана қаласында «Жағандық қатерлер жағдайындағы биологиялық қауіпсіздік: қарсы іс-қимылдың ғылыми-технологиялық тәсілдері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын (әрі қарай – Конференция) өткізеді.

Оқиға туралы

Аталған Конференция биологиялық қауіпсіздік саласындағы заманауи қатерлерді талқылау, ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен практикалық жетістіктерімен алмасу, сондай-ақ осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты қалыптастыру алаңы болмақ.

Конференцияға қатысуға биологиялық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, ветеринария, микробиология, фармацевтика және өзге де іргелес салаларда жұмыс істейтін халықаралық сарапшылар, ғалымдар, академиялық мекемелер мен ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері, халықаралық ұйымдар, мемлекеттік органдар мен өндіріс компаниялары шақырылады.

250-ден аса қатысушы 70-тен аса ғылыми баяндама жасайды деп күтілуде. **Бас демеушілер:** Zalma LTD және Boehringer Ingelheim.

Іс-шара мақсаты

Биологиялық қауіпсіздік саласындағы өзекті сын-қатерлерді талқылау, ғылыми нәтижелермен алмасу, халықаралық өзара іс-қимылды күшейту және биологиялық қатерлерге дайындықты арттыруға бағытталған практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Конференцияның негізгі бағыттары

Екі күн ішінде төрт стратегиялық маңызды бағыт қарастырылады:

1. **Эпидемиологиялық және эпизоотиялық жағдайды**, сыртқы және басым ішкі биологиялық қауіп-қатер көздерін мониторингілеу;
2. Жұқпалы аурулар қоздырғыштарын анықтауға арналған **диагностикалық құралдарды әзірлеудің заманауи тәсілдері**;
3. Инфекциялық ауруларға қарсы иммунобиологиялық препараттарды әзірлеудің **технологиялық трендтері**;
4. Микроағзалардың **дәріге төзімділік проблемалары** және оны шешу жолдары.

Бағдарламаның эксклюзивтері мен жаңалықтары

- «Биологиялық қауіпсіздік» консорциумының ғылыми-техникалық бағдарламасы шеңберінде үш жылдық зерттеулердің нәтижелері ұсынылатын болады;

- Ғылымды қажетсінетін өнімдер көрмесі өтеді;
- Жаңа әзірлемелер, енгізуге дайын иммуниобиологиялық препараттар, диагностикалық және дәрілік заттар таныстырылады;
- Биологиялық қатерлерге ден қоюдың халықаралық тәжірибесі талқыланады.

БАҚ мүмкіндіктері

Журналистер үшін конференцияның эксклюзивті материалдары мен іс-шаралары қол жетімді болады, соның ішінде:

- іс-шараның барлық кезеңіне аккредиттеу;
- негізгі спикерлермен сұхбат ұйымдастыру;
- медиа-материалдарға және баспасөз орталығының жұмысына қол жетімділік;
- көрме аймағы бойынша бірге жүру;
- шеберлік сабақтар және тәжірибелік таныстырылымдарды әзірлеу;
- шешімдермен алмасу және бірлескен жобалар құру үшін желілік сессиялар.

Журналистер эксклюзивті сұхбаттарға, әзірлемелер таныстырылымына және отандық денсаулық сақтау, ветеринария және фармацевтика үшін практикалық маңызы бар материалдарға қол жеткізе алады.

Ұйымдастырушы туралы

Қазақстандағы фармацевтикалық ғылым мен инновацияның ордасы. Негізгі қызметі – биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, биофармацевтикалық нарықтың инфрақұрылымын тұрақты дамыту және жетілдіру, ғылыми зерттеулер жүргізу және денсаулық сақтау мен ветеринария саласында ұлттық ғылыми база қалыптастыру.

Бүгінде Холдинг құрамына тарихы 100 жылдан асқан ұйымдарды қоса алғанда, 8 ғылыми-өндірістік еншілес ұйым кіреді. Олар: «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, «Масғұт Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы» ЖШС, «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринариялық институты» ЖШС, «Ұлттық биотехнология орталығы» ЖШС, «Инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығы» АҚ, «Республикалық микроорганизмдер коллекциясы» ЖШС, «OtarBioPharm» ЖШС және «БиoМедПрепарат» ғылыми-талдау орталығы» ЖШС.

Қазақстанда әзірленген алғашқы COVID-19-ға қарсы вакцина QazVac-тың авторы – QazBioPharm ғалымдары. Бұл жетістік еліміздің ғылыми-технологиялық әлеуетінің жоғары деңгейін айқын көрсетті.

Аккредиттеу үшін және қосымша ақпарат бойынша байланыс:
Холдингтің баспасөз қызметі Жетпісова Гүлнара Сағындыққызы, 8 702 348 29 91,
g.zhetpisova@qbp-holding.kz

